

Ищанова Айман Салимжановнаның 6D120100 «Ветеринарлық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Пастереллаларды заманауи зерттеу әдістерімен идентификациялау» орындалған диссертациялық жұмысына

Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Ищанова Айман Салимжановнаның 6D120100 -«Ветеринарлық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған диссертациясы ғылымның даму бағыттарына <i>сәйкес</i> орындалған. 1. Диссертация 2022-2024 жылдар аралығында Ғылым Комитетімен қаржыландырылатын АР15473404 «Ақбөкендердің маусымдық көшуі кезеңінде пастереллездің байқалуының қарқындылығы және ауыл шаруашылығы жануарларында аурудың туындауының өзара байланысы» тақырыбындағы ғылыми жоба (Жас ғалым) аясында орындалған.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Ғылыми жұмыс ветеринария ғылымының дамуына үлесін <i>қосады</i> және ғылым үшін маңыздылығы <i>ашылған</i> .
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	<i>Жоғары</i> . Жұмысты өзі жазу қағидаты толық орындалған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	<i>Негізделген</i> . Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығынан ашылған. Соңғы жылдардағы ақ бөкендер санының күрт көбеюі мал шаруашылығымен айналысатын өңірлерге зиянын тигізіп, жабайы жануарлардан ауыл шаруашылық жануарларына жұқпалы

			<p>аурулардың берілу мүмкіндігін арттырып отыр. Осыған байланысты, жабайы жануарлар мекендейтін және олардың маусымдық миграциясы кезіндегі аймақтарда әртүрлі жұқпалы ауру қоздырғыштарының айналымын, қоздырғыш түрлерін, олардың қатысуымен әртүрлі жұқпалы патологиялардың таралуы мен байқалу жиілігін зерттеу ветеринария ғылымы мен практикасының бүгінгі күнгі өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды. 		<p><i>Айқындайды.</i> Диссертация тақырыбына сәйкес қамтылуға тиісті сұрақтар орындалған жұмыстың мазмұнында толығымен ашылған.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді. 		<p><i>Сәйкес келеді.</i> Жұмыстың алдына қойылған мақсат пен міндеттер тақырыпқа сәйкес келеді, қойылған міндеттер толықтай орындалған. Атап айтқанда, жұмыс барысында эпизоотияға байланысты статистикалық мәліметтердің саралануымен қатар, ақ бөкендер мен мүйізді ірі қарадан алынған сынамалар зерттелініп, бөлінген қоздырғыш өскіндерінің қасиеттері анықталынған, пастереллездің таралуы, өту барысы және ерекшеліктері зерделеніп, пастереллез бен пастереллатасымалдағыштықты бактериологиялық әдіспен балау жүргізілген, ақ бөкен мен мүйізді ірі қарадан алынған изоляттар молекулярлық-генетикалық әдіспен идентификацияланған.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 		<p><i>Толық байланысқан.</i> Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылысы өз ара</p>


		3) байланыс жоқ.	логикалық байланыста, жоспарда қарастырылған бөлімдер қажетті реттілікпен орындалған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	<i>Сыни талдау бар.</i> Автор зерттеу барысында пайдаланған әрбір әдіске және алынған нәтижелер мен шешімдерге сыни талдау жасаған және бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырып, бағалаған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Жұмыста пастереллез қоздырғышының аумақтық таралу қарқыны және осы үрдістің жыл маусымына байланыстылығы нақтыланған, БҚО жағдайында ақ бөкендер мен мүйізді ірі қараның пастереллезінің қоздырғышының түрі анықталып, идентификациялау нәтижесі берілген. Бұл нәтижелер <i>толығымен жаңа</i> болып табылады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	<i>Ішінара жаңа (25-75% жаңа).</i> Бұрыннан белгілі мәліметтер зерттеу нәтижесінде алынған пастереллездің таралуы мен өту барысындағы ерекшеліктермен, статистикалық деректермен, молекулярлық-гентикалық идентификациялау арқылы қол жеткізілген жаңа мәліметтермен толықтырылған.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	<i>Ішінара жаңа (25-75% жаңа),</i> негізделінген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <i>негізделген.</i> Зерттеулер нәтижесінде алынған және диссертациялық жұмыста баяндалған ғылыми деректер, қорытындылар және ұсыныстардың ғылыми негізделу дәрежесі жоғары.

<p>7. Қорғауға шығарылған негізгі ережелер</p>	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ; <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ; <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) кең <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Қорғауға шығарылған негізгі ережелер толығымен дәлелденді.</p> <p><i>Жоқ.</i> Қорғауға шығарылған қағидаттар тривиалды емес, әр қағидаттың жаңашылдығы бар.</p> <p><i>Ия.</i> Диссертант өзінің ғылыми жұмысында, жануарлар арасындағы пастерелла қоздырғышының аумақтық таралу қарқынын нақтылай отырып, дәстүрлі және заманауи әдістермен сараптау негізінде Батыс Қазақстан облысы жағдайында алғаш рет мүйізді ірі қара мен ақбөкендер арасында пастереллездің нақты қоздырғыштар түрін анықтау және идентификациялаудың нәтижесін көрсетеді.</p> <p>Диссертация нәтижелерін ғылым мен ветеринариялық практикада кеңінен қолдануға болады.</p> <p><i>Ия.</i> Диссертациялық жұмысты орындау барысында алынған нәтижелер докторанттың ашық баспада жарық көрген мақалаларында дәлелденген.</p>
<p>8. Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ. <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ. <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін</p>	<p><i>Иә.</i> Әдістеменің таңдауы негізделген және диссертациялық жұмыстағы зерттеу міндеттеріне толық сәйкес келеді.</p> <p><i>Иә.</i> Диссертациялық жұмыс нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы өңделінген.</p> <p>ДНҚ-ның сандық талдауы спектрофотометрде (DNA master) жүзеге асырылған. Идентификациялау үшін классикалық ПТР (ПТР агарозды геледегі электрофорез) пайдаланылған.</p> <p><i>Иә.</i> Диссертациялық жұмыстың теориялық қорытындылары зертханалық жағдайда заманауи құрылғылармен, сондай-ақ</p>

		нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	жалпы әдістерімен алынған нәтижелермен дәлелденген және расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді отандық, шет елдік ғалымдарының ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасау арқылы <i>расталған</i> .
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <i>жеткілікті</i> түрде қамтылған, диссертацияда 156 дереккөздер берілген, оның ішінде отандық ғалымдардың еңбектерімен қатар, шетелдік ғалымдардың жарияланымдарына да шолу жасалынған. Әдебиетке шолуда диссертация тақырыбы бойынша отандық, ТМД елдері және алыс шет ел ғалымдарының соңғы 5-10 жыл көлеміндегі зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне талдау жүргізілген.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	<i>Иә.</i> Диссертация пастереллез індеті бойынша теориялық білімді кеңейту үшін маңызы бар.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	<i>Иә.</i> Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелердің ветеринариялық практикада қолданылу мүмкіндігі жоғары.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Практикалық ұсыныстар <i>ішінара жаңа (25-75% жаңа)</i> болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу және ресімдеу сапасы - <i>жоғары</i> . Диссертация ғылыми тілде, түсінікті жазылған.
11.	Диссертацияға ескертулер		<i>Жоқ.</i>
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі		-

	(диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Ищанова А.С. «Пастереллаларды заманауи зерттеу әдістерімен идентификациялау» тақырыбында философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысының ғылыми және тәжірибелік маңыздылығы жоғары. Диссертация талаптарға сәйкес рәсімделген, ал жұмыс авторы 6D120100 - «Ветеринарлық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға <i>лайық</i> деп есептеймін.

Ресми рецензент:
«MVA Group» Ғылыми-зерттеу өндірістік орталығы» ЖШС
Бас директоры, в.ғ.д., профессор
мерзімі «07» қазан 2024 жыл


(қолы, тегі, аты-жөні) **Намет Айдар Мырзахметұлы**

